

1992 жылы туған азаматтарды "Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шақыру участесінде тіркеуді жүргізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімінің 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 6 шешімі. Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Әділет басқармасында 2008 жылғы 15 желтоқсанда N 3-1-100 тіркелді. Орындау мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 10 қаңтардағы № 05-9/9 хаты)

Ескерту. Орындау мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық әкімдігінің 2010.01.10 № 05-9/9 хаты).

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74 "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Занының 17 бабын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы N 371 "Қазақстан Республикасындағы әскери міндеттілер мен әскерге шақырылуышыларды әскери есепке алушы жүргізу тәртібі және Ережені бекіту туралы" Қаулысын орындауға байланысты, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Занының 33, 37 баптары негізінде қала әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылдың 12 қаңтары мен 31 наурызы аралығында "Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шақыру участесіне тіркеу жылды жасы 17 жасқа толатын 1992 жылғы туған азаматтарды, сонымен қатар бұрын тіркеуден өтпеген, Ақтөбе қаласының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын ересек жастағы азаматтарды тіркеу жүргізілсін.

Шараларды орындауға байланысты шығындар жергілікті бюджет қаржылары есебінен жүзеге асырылады.

2. Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасына (Қ.Қ.Сабыр келісім бойынша) "Ақтөбе қалалық қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағына бөлу үсінілсін:

1) тіркелушілерге медициналық куәлік беруді жүргізу үшін дәрігер-мамандарды және медбикелерді;

2) тіркелушілерді медициналық құжаттармен сапалы және толық қамтамасыз ету үшін жеткіншектер кабинеттерінің дәрігерлерін;

3) шақыру участесіне шақырушуылар санының көбеюіне байланысты қосымша медициналық комиссиядан өткізу үшін дәрігер-мамандарды және

м е д б и к е л е р д і ;

4) дәрігер - мамандардың резервтік құрамын;

5) медициналық комиссия жұмысы үшін қажетті медициналық мұліктерді, құралдарды және дәрі - дәрмектерді.

3. Меншік түріне қарамастан кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және окуорындарының басшыларына ұсынылсын:

1) тіркеуге жататын азаматтарға оларды қалалық шақыру пунктіне шақырғаны туралы хабар беру және олардың бұл шақыру бойынша дер кезінде келуін қамтамасыз ету;

2) азаматтарды әскери есепке қоюға байланысты міндеттерді орындауға қажетті уақытқа олардың жұмыс (оку) орындарындағы айлығын (шәкіртақысын) сақтай отырып, жұмыстан (оқудан) босату;

3) техникалық қызметкерлердің қажетті санын бөлу.

4. "Ақтөбе қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (Е.Г.Нұргалиев келісім бойынша) "Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесімен (Т.К.Бөлтеев) бірлесе отырып, қала мектептерінде оқитын барлық 1992 жылы туған азаматтарды толық тіркеуге алуды бақылауды жүзеге асыру ұсынылсын. Тіркелу кезінде анықталған барлық орта білімі жоқ азаматтарды кейін күндізгі және сырттай жалпы білім беру мектептерінде оқытатын дай етіп есепке алсын.

5. Қалалық ішкі істер бөліміне (Е.Б.Есмаханов келісім бойынша) полиция нарядын бөл ұсынылсын: шақыру пунктінде қоғамдақы тәртіпті сақтау үшін екі адам және іздестіру тобы үшін екі адам.

6. Қалалық әділет басқармасына (Б.С.Ерімбетов келісім бойынша), N 2 қалалық сотқа (А.А.Құрмантаев келісім бойынша) меншік түріне қарамастан органдар мен ұйымдарға тіркеу жүргізу кезеңінде Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 18 бабында қарастырылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. Селолық округтер әкімдері "Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің талабы бойынша шақырылуға дейінгілерді және шақырылушыларды олардың шақырту пунктіне шақырылғандығын хабарласын және жеткіншектердің уақытында келуін қамтамасыз етсін.

8. "Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы (Т.К.Бөлтеев) азаматтардың шақыру участкесіне тіркелуін ұйымшылдықпен жүргізуді қамтамасыз ету шараларын алсын. Тіркеу қорытындысы туралы 2009 жылдың 10 сәуірінде қала әкіміне хабарласын.

9. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.М.Қалдықұловаға және "Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бастығы Т.К.Бөлтеевке жүктелсін.

10. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

A.Мұхамбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК